Бір сөзбен айтқанда, «инновация» ұғымында әлі күнге дейін ортақ пікірге келушілік жоқ, әр анықтамада инновацияның әр қырына баса назар аударушылық бар. Сондай-ақ әр ғылым бұл құбылысты өз тұрғысынан зерттейтіні және бар. Техникада оның физикалық көрсеткіштері мен технологиялық өзгерістеріне басты назар аударылса, экономикада алдыңғы сапқа ендіру үрдісімен бірге жаңалықты қаншалықты рентабельді пайдалануға болатындығы шығады. Оның үстіне уақыт озған сайын инновацияға берілетін анықтаманың өзгеріске түсуі, эволюцияға ұшырауы да заңдылық. Мысалы, ресейлік ғалым В.Медынский Й.Шумпетер бастаған ғалымдар жасаған анықтаманы келтіре отырып, ол анықтамаларға өзінің ескертпесін келтіре отырып үлкен кесте жасап шықты.

Қазақ ғалымдары да бұл істе өз үлестерін қосуда. Жалпы, отандас ғалымдарымыз инновация тақырыбына қарымды жұмыс істеп келе жатқанын атап өтуге тиістіміз. Академиктер Р.Алшанов, У.Баймұратов, Ә.Сатыбалдин, К.Сағадиев, А.Қошанов, сондай-ақ А.Марков, В.Гончаров, Ф.Днишев, К.Кажымұратов, Д.Мұқанов, Н.Барлыбаева, С.Әбдіғаппарова, О.Сабден, А.Саттарова т.б. бұл саланың маңызы мен мәнін жан-жағынан ашып көрсетуге тырысқан еңбектерімен белгілі.

Мысалы, Д.Мұқанов «инновация – нарықтағы жаңа өнім түрінде жүзеге асқан қызметтің нәтижесі» деген пікірде. У.Баймұратов «инновацияның мәні – адамзат

ақылын белгілі бір саланың қызмет тиімділігін арттыруда, жаңа қуат көздерін табуда, жұмыс ұйымдастыру әдістері мен қаржы, сауда немесе әлеуметтік-саяси институттар қызметін дамытуда, халықаралық ынтымақтастық формаларын жетілдіруде» деп есептесе, С.Алпысбаев инновацияны заттық және бейзаттық өнімдер өндіру сферасындағы өндірістік үрдістерді жетілдіруге, ал түптеп келгенде адамдардың күн санап өсіп отырған сұранысын қанағаттандыруға бағытталған технологиялық ұмтылыстар негізінде қол жеткізілген ғылыми зерттеулер мен дайындықтар нәтижесінің қолданылуы деп санайды [5]. С.Әбдіғаппарова инновацияны ғылыми негізделген идеяларды іске асырушы субъектілердің зерттеу, дайындық және енгізу жұмыстарын нарықтық және мемлекеттік реттеулер арқылы қоғам өмірінің деңгейін көтеруге бағытталған мақсатқа жету үрдісі деп түсіндіреді. Бұл жерде нарықтық реттеу мен мемлекеттік реттеуді қатар алып қараған пікірдің дұрыстығы дау тудырмайды, дегенмен нарықтық тетіктерді мемлекеттік тұрғыдан қосымша түрде реттеу деген дұрысырақ сияқты, өйткені автоматты түрде жұмыс істейді деп саналатын таза нарықтық тетіктерге толық сене беруге болмайды және әдетте ол жақсы нәтижеге жеткізе бермейді. Оның солай екендігіне нарықтық экономиканың бүткіл өткен жолы дәлел бола алады және бүгінгі дағдарыс кезінде бар әлем куә болып отыр десек артық кеткендік емес шығар.

Ал, құқықтық-нормативтік әдебиетте бұл анықтаманың іс жүзінде қолданылуы кезінде мейлінше талас-тартыс тудырмайтындай етіп, нақты ұғымдармен оның шеңберін мүмкіндігінше дәлдеп көрсетуге тырысып бағады, Мысалы, Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету туралы» заңында инновация ұғымы былай анықталған [6].

«Инновация – күнделікті қолданыста пайдаланылып жүрген үлгілермен салыстырғанда сапалық артықшылықтарға ие және экономикалық әрі (немесе) қоғамдық пайда әкелетін ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесінің жаңа немесе жетілдірілген өнім түрінде жүзеге асуының көрінісі».

Кесте 1 – «Инновация» анықтамасына тұжырымдамалар

Батыс мектептері	
П.Самуэльсон, Кэмпбелл, С.Брю	жаңа тауарларды, жаңа өндірістік құралдар мен технологияларды, өнеркәсіпті ұйымдастырудың жаңа әдістерін ендіру мен қолдану мақсатында жасалатын және нарықтық табысқа жеткізетін өзгерістер
Э.Роджерс, Р.Шумейкер	жаңалықтың жаңалық болып ашылғаны маңызды емес, оның қолданысқа қанша рет енгізілсе де табыс әкелетіндігі маңызды
Ресейлік ғалымдар	
Н.Кондратьев	экономика 50-60 жылдық циклда дамиды, ал жаңа циклға көшу адамзат дамуының деңгейіне байланысты; даму белгілі бір биікке көтерілген кезде жиналып қалған идеяларды ендіру оңайға түседі.
Н.Большаков	жаңа немесе қасиет жақсартылған өнім өндірісі үрдісінің нәтижесі, сондай-ақ өндіріс шығынын азайтатын және әлеуметтік жағдайды өзгертетін жаңа техника мен технологияның ендірілуі
Ю.Иванова	жаңалықтарды енгізуге қатысы бар зерттеу, дайындық және ендіру жұмыстарының қосынды қызметі
Қазақстандық ғалымдар	
У.Баймұратов	белгілі бір саланың қызмет тиімділігін арттыру, жаңа қуат көздерін табу,


	жұмыс ұйымдастыру әдісі мен қаржы, сауда немесе әлеуметтік-саяси институттар қызметін дамыту
Д.Мұқанов	нарықтағы жаңа өнім түрінде жүзеге асқан қызметтің нәтижесі
С.Әбдіғаппарова	ғылыми негізделген идеяларды іске асырушы субъектілердің зерттеу, дайындық және енгізу жұмыстарын нарықтық және мемлекеттік реттеулер арқылы қоғам өмірінің деңгейін көтеруге бағытталған мақсатқа жету үрдісі
Авторлық көзқарас	
Инновация - барлық тараптар үшін жаңалық болып табылатын немесе түбегейлі жетілдірілген идеяның қоғамдағы өскелең сұранысты қанағаттандыратын әрі оны ендірушілерге үлкен мөлшерде табыс әкелетін рухани немесе заттық дүниеге, жүйеге, қызметке айналуы.	
Ескертпе - Автор құрастырған	

Инновацияның негізгі түрлерінің қысқаша классификациясына келетін болсақ, бұнда да біз көптеген нұсқаларға тап боламыз. Солардың ішінде О.Молчанова бастаған авторлардың нұсқасы қысқа да әмбебап тәрізді, сондықтан осы нұсқаға тоқталып өтейік (кесте 2).

Кесте 2 - Инновацияның негізгі түрлерінің классификациясы

Критерий	Инновация түрлері	Анықтама
Жаңашылдық деңгейі	Базистік инновация	Ғылыми ашылымға немесе ірі өнертапқыштыққа негізделген, мүлдем жаңа өнім, қызмет, жаңа технологияны игеруге бағытталған жаңалық
	Жетілдіруші инновация	Өндірілетін өнім мен технологияны Жаңалық жақсартуға, жетілдіруге бағытталған
Іс-әрекеттегі көрінісі	Өндірістік инновация	Жаңа өнім мен қызметте, технологияда көрініс тапқан инновация
	Басқару инновациясы	Жаңа басқару технологиясында, әкімшілік үрдістерінде және ұйымдастыру құрылымында көрініс тапқан жаңа білім
Технологиялық параметрлері	Өнімдік инновация	Сұранысты қанағаттандыру үшін жаңа өнім немесе қызмет жасау
	Үрдістік инновация	Өндірістік, басқарушылық, ұйымдастырушылық т.б. да үрдістерге енгізілген жаңа элементтер
Ескертпе – Дерек көзі: [7].		

Сонда инновациялық үрдіс біздің ойымызша мынадай түрге ие болады.



Сурет 1 - Инновациялық үрдістің схемасы

Ескертпе - Автор құрастырған

Инновация бір орында тұрып қала алмайды, жаңа өнімнің өмірге келген күнін сол өнімді одан әрмен жетілдіру түсу күні де есептеуге тиіспіз. Өйткені, қандай

өнім болса да еш міні жоқ болып жасап шығарылуы мүмкін емес, сондықтан нарықта үлкен сұранысқа ие болған өнімнің өзінің кейбір кемшіліктері зауыттың лабораторияларында, цехтарында жетілдіріле түсіп жатады.

Осы схемаға қарай отырып біз инновациялық үрдіс негізінен кезең-кезеңімен іске асырылады деген тұжырымға келеміз. Көптеген түрлі ғылыми зерттеулер жүргізу; жаңа идеяны алдын-ала сұрыптау; инвесторды іздеу; ТКЖ жүргізу және жаңа өнім немесе қызметті жасау; авторлық құқықты қорғау, өнім мен қызметті өндіру, олардың бәсекеге қабілеттілігін тексеру; жаңа өнімді немесе қызметті нарықта жылжыту; сатылымға байланысты тәжірибені жинақтау; жаңа өнімді жетілдіру шараларын қарастыру және т.б. Сондықтан біздің ойымызша 1-суреттегі схеманы одан да гөрі жазыңқырай түсіп, инновациялық үрдісті шартты түрде бір-бірімен тығыз байланысты 7 кезеңнен тұрады деуге болады.

Бірінші кезең – іргелі және қолданбалы зерттеулер негізінде жаңа идеяның тұжырымын жасау кезеңі.

Екінші кезең – алдымен жобалау мекемелерінде, сосын тәжірибелік-конструкторлық бюроларда, арнайы лабораторияларда идеяны (инновацияны) жаңа өнімге, қызметке, технологияға айналдыру.

Үшінші кезең - өнімнің тәжірибелік (эксперименталдық) үлгісін жасау және сынақтан өткізу.

Төртінші кезең – болашақ өнімге маркетингтік зерттеу жүргізу.

Бесінші кезең - өнімді нарыққа шығару.

Алтыншы кезең – жаңа өнімнің салтанат құруы, табыс әкелуі.

Жетінші кезең - идеяның сапалық деңгейін көтеріп жетілдіре түсу, өнімді одан да жаңарак, одан көрі жетілдірілген өніммен алмастыру.

Кезеңдер саны және олардың ұзақтығы әр түрлі болуы мүмкін, бірақ, бұл тізбекте идеяның тууы, өнімді жасау және сату кезеңдері міндетті түрде орын алады. Инновациялық үрдістің кез келген кезеңінде инновация туындауы мүмкін, ал ол өз кезегінде циклдан көбінесе ғылыми кезеңнің түсіп қалуына және бейтолық цикл аталатын технологиялық тізбектің пайда болуына әкеліп соғады. Яғни, толық цикл мүлдем жаңа өнім жасау үстінде, ал, бейтолық цикл оның жаңа ұрпақтарын жасау үстінде орын алады.

Нарыққа шыққан жаңалық үнемі жетілдіріліп отыратындықтан инновациялық үрдіс үзіліссіз жүрумен ерекшеленеді. Және тұтынушы үшін ең бастысы тиімділік, пайдалылық, артықшылық болғандықтан жаңалықтың ғылыми-техникалық жағынан нарықтық экономикалық жаңалықтығы басым жатады. Инновацияны іске асырушылар ретінде кәсіпкерлер, топтар, фирмалар, шаруа қожалықтары, әлеуметтік қозғалыстар мен мемлекет бой көрсете алады. Жеке кәсіпкер ең алдымен жекелеген адамдар ғана пайдалана алатын жетістіктерге жұмыс істесе, мемлекет өз кезегінде бүкіл қоғам мүшелері пайдалана алатын жаңалықтарды ендіруге мүдделі.

Жаңалықтар қолданысқа енген кезден бастап қана жаңа сапаға ие болады – инновацияға айналады. Жаңалықты нарыққа енгізу үрдісін коммерциялау үрдісі деп атау қалыптасқан. Жаңалықтың пайда болуымен оның инновацияға айналуы аралығындағы уақыт кезеңі инновациялық лаг деп аталады. Жаңалықтың

тууынан бастап нарыққа шыққан жаңа өнім басқа бір жаңа өніммен алмастырылғанға дейінгі мерзім инновациялық цикл деп аталады, бұл мерзім ішінде уақыт факторы шешуші маңызға ие болғандықтан инновациялық үрдісті басқарудың мәні дайындық жасау кезеңін барынша қысқарту мен сату кезеңін барынша ұзарту болып табылады.

1 Шумпетер Й. *Теория экономического развития*. - М.: Прогресс, 1982. – С. 456.

2 Шумпетер Й *Капитализм, социализм и демократия*. - М.: Экономика, 1995. – С. 54-61.

3 Кондратьев Н.Д. *Избранные сочинения*. - М.: Экономика, 1993. - С. 23-97.

4 Фатхудинов Р.А. *Инновационный менеджмент*. - М.: ЗАО Бизнес школа «Интел-синтез», 2003. – С. 624.

5 Алпысбаев С. *Стратегия инновационного развития в условиях устойчивого экономического роста: монография*. - А.: Экономика, 2002. - С. 36-45.

6 Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету туралы» заңы. 16.03.2012.

7 Молчанова О.П. и др. *Инновационный менеджмент: учебник для вузов*. - М.: Вита-Пресс. 2011.

Резюме

Бектанов Д.А. - магистрант 2 курса КазНПУ им. Абая по специальности 6М050600 - Экономика. dbektanov@mail.ru

Экономическое содержание инновационной тенденции

Экономический рост в XXI веке базируется на экономических принципах, сформулированных представителями неоклассической школы. В соответствии с их взглядами источником экономического развития является феномен «инновация», которая привносит в экономическую и социальную жизнь человека качественно новые виды товаров и услуг, способов ведения бизнеса, управления и т.д.

Современная концепция экономического роста, основанная на системном внедрении инноваций, была успешно апробирована индустриально развитыми странами и находит еще большее подтверждение своей применимости в практике новых индустриальных стран.

Инновации, как продукт интеллектуальной деятельности, не могут возникать спонтанно. Для генерации и внедрения в практику инноваций требуются определенные условия – наличие всех институтов, способствующих осуществлению инноваций, а также степень их развития и взаимодействия между собой. Совокупность участников инновационного процесса и степень институционального взаимодействия институтов образуют некую систему, имеющие специфические черты от страны к стране. В экономической науке эту систему, присущую конкретной стране, принято называть национальной инновационной системой (НИС).

В данной статье исследованы теоретические аспекты управления **инновационными процессами**.

Ключевые слова: Инновации, национальная инновационная система, научно-техническое развитие, инновационная инфраструктура, государственная инновационная политика, инновационное предпринимательство

Summary

Bektanov D. A. - 2th course master speciality of 6M050600 - "Economy". dbektanov@mail.ru

The economic content of innovation trends

Economic growth in the twenty-first century based on economic principles laid representatives of the neoclassical school. In accordance with the views of their source of economic development is the phenomenon of "innovation", which brings to the economic and social life of a person qualitatively new types of goods and services, ways of doing business, management, etc.

The modern concept of economic growth, based on the introduction of the system of innovation has

been successfully tested by industrialized countries and finds even more evidence of its applicability in practice of the newly industrialized countries.

Innovation as a product of intellectual activity can not occur spontaneously. For the generation and implementation in practice of innovation requires certain conditions - the presence of all the institutions that contribute to the implementation of innovations, as well as their degree of development and interaction between them. The totality of the innovation process and the degree of institutional interaction of institutions form a certain system with specific features from country to country. In economics, this system inherent in a particular country, called the National Innovation System (NIS).

This article examines the theoretical aspects of management of innovative processes.

Keywords: innovation, national innovation system, research and technological development, innovation infrastructure, state innovation policy, innovative entrepreneurship

УДК 332.01

КІШІ КӘСІПОРЫНДАРДА БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІСІ

Н.Оразбаев – *Абай атындағы ҚазҰПУ, 6М05800 «Есеп және аудит»
мамандығының 2 курс магистранты*

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан бастап кәсіпкерлік секторын мемлекеттік қолдау үрдісі үдемелі дамып келеді.

Кіші және орта кәсіпкерлік ел экономикасының негізгі тірегі екені белгілі. Нарықтық қатынастардың қазіргі жағдайында кіші және орта кәсіпкерлікті дамыту ерекше мәнге ие болды. Соңғы жылдары осы саланы қолдау үшін мемлекет тарапынан бөлінетін қаржының көлемі де еселеп өсуде. Сонымен қатар кіші және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесі аса маңызды орын алып отыр.

Кіші және орта бизнесті қолдау мен дамыту туралы міндеттер мемлекеттік органдарға Елбасымен жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында қойылады. Ал, кіші кәсіпкерліктің жоғары деңгейде дамып, нарыққа төтеп бере алуы, ондағы қойылған есеп жүйесіне байланысты.

Аталмыш мақалада кіші кәсіпорындарда бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұсыну, жасау жолдары және мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: халықаралық қаржылық есеп беру стандарттары, кіші бизнес, кәсіпкерлік, бухгалтерлік есеп, инфрақұрылым, бәсекеге қабілеттілік, есеп саясаты

Қазақстанның нарықтық экономикаға өте отырып экономиканы жедел дамытуда, жоғары экономикалық өсімге қол жеткізуде кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен кәсіпкерлікті қолдау экономиканы құрылымдық қайта құруды жандандыруға, таңдау еркіндігі мен қосымша жұмыс орындарын ұсынуға, шығындардың тез қайтымдылығын қамтамасыз етуге, тұтынушылық сұраныстың өзгерістеріне жедел бейімделуге мүмкіндік беретін кіші кәсіпорындар торабын құруды тездетуді талап етеді. Ел экономикасын дамытуда кіші кәсіпорындардың маңыздылығы өте жоғары. Ал, осы кіші кәсіпорындар іс бастау үшін ірі көлемде инвестицияларды талап етпейді және ресурстар айналымының жоғары жылдамдығына кепілдік береді. Сол арқылы экономиканы қайта құрылымдау проблемаларын ұтымды шешуді, нарықты тұтыну тауарларымен толықтыруды, бәсекелік ортаны күшейту арқылы өндірілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер сапасын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын құра отырып жұмыссыздық мәселесін шешуге қол жеткізуге болады.

Қазіргі таңда кіші және орта кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Әрбір кәсіпкердің өз ісін бастау үшін мемлекет тарапынан бірдей дәрежеде жәрдем алу мүмкіндігі бар. Ал, мемлекет әрбір кәсіпкермен қарым-қатынас жасап, қолдау мақсатында тиісті салалық құрылымдарын орнықтырады. Кіші және орта бизнесті несиелеуді басқаруды қолдауда кешендік көзқарастың қажеттілігі ұзақмерзімдік тұрақтылықтың кепілі бола алады. Әрбір кәсіпкердің іс-әрекеті мен жағдайы әр түрлі. Мемлекеттік қолдаудың бүгінгі күнге жүйесіз іс-әрекеті кіші бизнес нысандарының жабылуын жылдамдатты.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында және бүкіл дүниежүзінде көптеген мемлекеттерде ел экономикасының ішкі жалпы өнімін кіші және орта кәсіпорындары қалыптастырады. Дүниежүзілік экономиканың жаһандануы, жаңа халықаралық қатынастар формаларының пайда болуы, инновациялық белсенділіктің күшеюі дүниежүзінде көптеген кіші және орта бизнес кәсіпорындарының тұрақты бәсекелестік артықшылықтарын иемдену мақсатында сыртқы экономикалық қызметтерді дамытуға ұмтылуда.

Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанның кіші және орта кәсіпорындарының дүниежүзілік экономика аренасына шығу жолында маңызды кедергілердің бірі, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілікті әлемдік талаптарға сай принциптерге және сапалық мінездемелерге сәйкес дайындауда, ұлттық нормативтік - заңдардың толық жетілмегендігі және елдердің есептіліктерін бір-бірімен салыстыруға мүмкіндік болмауы болып табылады.

Осыған байланысты кіші кәсіпорында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру әрі қарай жетілдіруді қажет етеді. Және де методологиялық, ұйымдастырушылық және техникалық сұрақтарды шешу бухгалтерлердің жоғары біліктілігіне, жауапкершілігіне байланысты болады [6].

Кіші кәсіпорынның құрылуына мемлекет тарапынан да көптеген қолдаулар көрсетілуде, атап айтатын болсақ:

- Кіші кәсіпорынның инфраструктуралық құрылымына жеңілдіктер;
- Кіші кәсіпорынмен пайдаланылатын мемлекеттік қаржылық, материалды-техникалық, ақпараттық ресурстарға, сонымен қатар ғылыми-техникалық өңдеулер мен технологиялық жаңалықтарға жеңілдіктер;
- Бухгалтерлік және статистикалық есептер бойынша қолдаулар;
- Кіші кәсіпорындарды бекітілген жеңілдетілген тәртіпте тіркеу, олардың қызметтерін лицензиялау және олардың өнімдерін сертифицикаттау;
- Коммерциялық банктермен кіші кәсіпорындарды бекітілген жеңілдік бойынша несиелеу;
- Кіші кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметіне көрсетілетін қолдаулар;
- Шетел мемлекеттерімен өндірістік, ғылыми-техникалық өзара байланыстарына көрсетілетін қолдаулар;
- Кіші кәсіпорындар мамандарының біліктілігін көтеру және жүйесін дамыту.

Кіші кәсіпорындарда бухгалтерлік есепті ұйымдастырылуы бойынша екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Бірыңғайланған есеп жүйесін қолдану;
2. Жеңілдетілген есепті қолдану.

Осыған байланысты кәсіпорын өздерінің арнайы жұмыстарында келесідей жағдайларда бухгалтерлік есеп регистрлерін өздігінен қолданулары мүмкін:

- Екі жақты жазу және есептеу қағидалары негізінде бухгалтерлік есептің методологиялық негіздерін сақтау;

- Синтетикалық және аналитикалық есеп мәліметтерінің өзара байланыстылығын;

- Алғашқы құжаттар есебі негізінде барлық шаруашылық операцияларды регистрлерде көрсету;

- Кіші кәсіпорындардың бухгалтерлік есептілігін құру үшін бастапқы құжаттардың мәліметтерін жинақтау және жүйелендіру.

Кіші кәсіпорындардағы бухгалтерлердің міндеттері келесідей болып келеді:

- Шаруашылық операциялар негізіндегі мәліметтерді құжаттарға уақытында тіркеп отыру;

- Екі жақты жазу және есептеу қағидалары негізінде бухгалтерлік есепті жүргізу;

- Өндірілген өнімнің, көрсетілген қызметтің, атқарылған жұмыстың өзіндік құнын дұрыс есептеу;

- Жұмсалған шығын, түскен пайда есебін нақтылы есептеу;

- Кәсіпорын жұмысында орынды және тиімді басшылық жасау бағытында дер кезінде жинақталған ақпараттармен қамтамасыз ету және т.с.с..

Бастапқы есеп құжаттарындағы ақпаратты қорытындылау, талдау, жинақтау және оны бухгалтерлік есеп шоттары мен қаржы есептілігінде көрсету үшін кіші және орта кәсіпорындар:

- шаруашылық операцияларды есепке алу кітабын;

- бірнеше тізімдемелерді білдіретін бухгалтерлік есеп тіркелімін жүргізуі тиіс [3].

Осыған байланысты нарықтық экономика заманында бухгалтерлік есеп кіші кәсіпорынды басқару үшін маңызды болып келеді. Кіші кәсіпорындардағы бухгалтерлік есептің маңыздылығы - бұл тиімді шешім қабылдау үшін сыртқы және ішкі пайдаланушыларды кәсіпорынның шаруашылық процестері және қызметтерінің нәтижесі туралы толық әрі нақтылы ақпараттармен қамтамасыз ету болып табылады.

Орта және кіші кәсіпорындардың бухгалтерлік есебін тиімді ұйымдастыру және нақтылы ақпараттар алу үшін есеп саясатын Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес кәсіпорынның басшылығымен дұрыс құрастырылуы керек. Кәсіпорынның басшылығымен бекітілген есеп саясаты негізінде келесідей қажетті ақпараттар алынады:

1. Тиімді шешім қабылдау үшін пайдаланушылар қажеттілігіне орынды ақпарат;

2. Жасалынған қаржылық есептілік сенімді ақпарат;

3. Кәсіпорынның ақша қаражаттарының қозғалысы және қаржылық нәтижесі, қаржылық жағдайы туралы анық ақпараттар;

4. Жағдайлар мен іс-әрекеттер операцияларының экономикалық мазмұнын көрсетеді [1].

Өкінішке орай, елімізде көптеген орта және кіші кәсіпорындарда есеп саясаты қарастырылмаған, немесе есеп саясаты өңделмей, бейтарап, ойлаусыз жан-жақты талданбай жасалады, яғни салық инспекциялары үшін құрастырылады. Жан-жақты талданып жасалған есеп саясаты кәсіпорынның ары қарайғы жұмыс бағатын білдіреді, яғни есеп саясатын құру барысында кез келген бухгалтер әрбір қадамды жіті қарастырып, бақылаушы органдармен болатын әртүрлі жағдайлардан шығу жолдарын ашып көрсетеді, өз қызығушылығын қорғайды.

Орта және кіші кәсіпорындарды тиімді басқару үшін келесідей іс-әрекеттерді жүзеге асыру қажет:

1. Кәсіпорынның есебін дұрыс ұйымдастыра білу;
2. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату және басқару жүйесін жетілдіру;
3. Тұтынушылармен үнемі тығыз қарым-қатынаста болу;
4. Кәсіпорынның қаражаттары мен ресурстарына бақылау жасау және тиімді бөлу.

Кіші кәсіпорында бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізу үшін келесілерді қарастыру қажет:

- Анықтамалық ақпарат(есепті ұйымдастыруға және есеп беруге сәйкес есептілік стандартты таңдау және оны бекіту. Осыған байланысты өзгерістерді енгізген күнді анықтау);

- Енгізу(стандарттың себебі және мақсаты);
- Анықтау (терминдерді және берілген стандарттың контекстінде ашу);
- Тануға негізгі қадам;
- Тануға есептелетін альтернативтік қадам (ХҚЕС барлығында емес және олардың мүмкіндігін болжауды азайту);
- Есеп берудің түсініктемесін ашу(ашудың тізіміне кеңейтуді болжау);
- Ауыспалы жағдай (ретроспектикалық шот, барлық кезеңге емес);
- Бірінші қабылданған күн (бірақ ерте қабылдауды рұқсат етеді);
- Қосымша ақпарат (иллюстрациялық мысалдар)[6].

Кіші бизнестегі бухгалтерлік есепке қатысты қаржы министрлігінің құжаттарын және әдіскерлердің жарияландырымдарын қорытындылап, талдайтын болсақ кіші кәсіпкерлік субъектілерінің келесідей міндеттерін атауға болады, олар:

- заң және нормативтік базаны жетілдіру;
- есептік регистрлерді жеңілдету және үйлестіру;
- құжат айналымын жетілдіру және бухгалтерлік құжаттардың санын азайту;
- есептілік формаларын қысқарту;
- мемлекеттік органдар үшін ақпарат көзі болмайтын баптарды алып тастау және баптарды ауқымды ету есебінен балансты жеңілдету;

- салық салуды жеңілдету, бұл өз кезегінде бухгалтерлерде салықтарды есептеу және қайта есептеу бойынша жұмыстарды болдырмауға мүмкіндік береді [5].

Жоғарыда аталғандар қазіргі кезде негізгі міндеттер болып табылады. Әрине міндеттер анағұрлым көп әрі терең, мұнда ең алдымен біздің еліміздегі бухгалтерлік есепті реформалау міндетін ескерген жөн.

- 1 Сборник нормативных актов Республики Казахстан // ПАРАГРАФ. - 2009. - 420 б.
- 2 Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары.
- 3 ҚР «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы №234-III Заңы // БИКО. - 2009. - 35 б.
- 4 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155 Кодексі (07.03.2014 берілген өзгерістермен және толықтырулармен).
- 5 Учет и аудит Казахстана. №2(92) февраль 2015 г.
- 6 Алтынбеков М.А. ҚР кіші кәсіпорындардағы бухгалтерлік есепті ұйымдастыру: теориясы және әдіснамасы. - Алматы, 2013 ж.

Резюме

Оразбаев Н - магистрант 2 курса по специальности 6M05800-«Учет и аудит», КАЗНПУ имени Абая, *nurka_93_macho@mail.ru*

Методологические аспекты организации бухгалтерского учета на малых предприятиях

В течение всего периода независимости страны процесс государственной поддержки предпринимательского сектора развивается по нарастающей.

Известно, что малый и средний бизнес основная опора экономики страны. В рыночных отношениях развитие малого и среднего предпринимательства имеет особое значение. В последние годы увеличиваются объем средств выделяемых государством для поддержки данного сектора. Государственная поддержка малого и среднего предпринимательства занимает особое место.

Задачи государственным органам по поддержке и развитию малого и среднего бизнеса ставятся Главой государства в ежегодных посланиях народу Казахстана.

В данной статье рассматриваются вопросы постановки бухгалтерского учета на предприятиях малого бизнеса и пути их решения.

Ключевые слова: международные стандарты финансовой отчетности, малый бизнес, предпринимательство, бухгалтерский учет, инфраструктура, конкурентноспособность, учетная политика

Summary

Orazbaev N - 2th course master speciality of «6M050800 «Accounting and auditing». *nurka_93_macho@mail.ru*

Methodological aspects of organization of bookkeeping account on small enterprises

Throughout the period of the country's independence, process of state support of the business sector is progressively developing.

It is known that small and medium businesses are the main support of the country's economy. In the market relations, development of small and medium businesses has the most important meaning. In recent years, the amount of funds allocated by the government to support this sector is increasing. The state support for small and medium businesses takes a special place.

Tasks to the government agencies to support and develop small and medium businesses are set by the President in the annual message to the people of Kazakhstan.

In the article are researched the questions of setting bookkeeping account and recording on enterprises of small business and ways of their development.

Keywords: International standards of the financial reporting, small business, enterprise, record-keeping, infrastructure, конкурентноспособность, registration politics

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІНЕ ӘСЕРІ

М.М. Кайнарбай – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
6M050600-Экономика мамандығының 2- курс магистранты*

Мақалада қаржы нарығының дамуы мен оның кәсіпорын қызметіне әсері талданған. Сондай-ақ, түрлі салалар бойынша банк секторын несиелеу талданған.

Қазіргі нарықта технологиялық делдалдық қызметтерді көрсетіп, отандық қаржы жүйесінің механизмі экономиканың тікелей сапа және сан жағынан өсуіне мүмкіндік туғызуда.

Жалпы нарықтық экономика кәсіпорын жағдайының негізі болып табылады және қаржылық тұрақтылық пен өндірістің қаржылық ресурстарының дамуын қамтамасыз етеді.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы көбінесе кәсіпорын активтерінің оңтайлы құрылымы мен қалыптасу көздерінің оңтайлы құрылымына және фирманың активтері мен пассивтерінің теңдестірілу деңгейіне байланысты.

Кәсіпорынның құрылу түріне қарамастан күшті (оңтайлы) қаржылық нәтижелерге жету үшін құралдарды ұтымды пайдалануда әлеуетті экономикалық және өнеркәсіптік мүдделерді дұрыс бағалау қажеттілігі күннен-күнге артып келеді.

Экономиканы несиелеу қарқыны мен кәсіпорындардың экономикалық белсенділігінің дәрежесі арасындағы өзара байланыс туралы қорытындылар жасалған.

Түйін сөздер: нарықта технологиялық делдалдық қызметтер, Ұлттық қоры, қаржы секторы, нарықтағы өтімділік, қаржылық сауықтыру

Қазіргі нарықта технологиялық делдалдық қызметтерді көрсетіп, отандық қаржы жүйесінің механизмі экономиканың тікелей сапа және сан жағынан өсуіне мүмкіндік туғызуда.

Қаржы нарығын реттеу және оның дамуы Мемлекет басшысы қойған – Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті отыз елдің қатарына кіргізу мақсатына жетуге бағытталған болатын. Оған қатысты стратегиялық мәселелер атап айтқанда Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі, мынадай ЕурАзҚ, БЭК, ТМД, ШЫҰ интеграциялық бірлестіктер шегінде қарым-қатынасты нығайту, отындық қаржы нарығы қызметінің параметрлерін халықаралық іс-тәжірибені ескеріп, жетілдіруге де байланысты бағытталған [1].

Мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізуде Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз етудің экономикалық көрсеткіш нәтижесі келесідей орын алды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2014 жылғы негізгі мақсаты баға тұрақтылығын қамтамасыз ету және инфляцияны 6-8% шегінде ұстап тұру болды. 2014 жылдың қорытындысы бойынша инфляция жылдың аяғында 7,4%-ды құрады (2013 жылы – 4,8%).

Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ FBI) 2014-2015 жылдар үшін жарияланған ақпаратына сәйкес Қазақстан «Ұлттық жинақтар деңгейі» көрсеткіші бойынша 2014 жылдың қорытындысы бойынша 37 орында болды.

ІЖӨ негізінде есептелген экономиканы монеталандыру деңгейі ҚР Ұлттық экономика министрлігінің бағалауы бойынша 31,8%-ды құрады.

Банктердің экономикаға депозиттерінің көлемі (25%-дан төмен емес) атап

айтқанда резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі 2014 жылы 11 694,0 млрд. теңгеге дейін 15,9%-ға көтерілді. Заңды тұлғалардың депозиттері 7 296,5 млрд. теңгеге дейін 18,1%, жеке тұлғалардың депозиттері 4 397,5 млрд. теңгеге дейін 12,6% өсті.

2014 жылы ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 5 197,7 млрд. теңгеге дейін 17,7% төмендеді, шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 6 496,3 млрд. теңгеге дейін 72,2% өсті. Теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 2013 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2014 жылғы желтоқсанда 62,6%-дан 44,4%-ға дейін төмендеді.

Халықтың (резидент еместерді қоса алғанда) банктердегі салымдары 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 4 438,1 млрд. теңгеге дейін 12,5%-ға көтерілді. Халықтың салымдары құрылымындағы теңгедегі депозиттер 1 442,9 млрд. теңгеге дейін 34,7%-ға төмендеді, шетел валютасындағы депозиттер 2 995,2 млрд. теңгеге дейін 72,4%-ға көтерілді. Нәтижесінде теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 2013 жылғы желтоқсандағы 56,0%-дан 2014 жылғы желтоқсандағы 32,5%-ға дейін төмендеді.

2014 жылғы желтоқсанда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 8,8% (2013 жылғы желтоқсанда 5,7%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 8,1% (8,1%) құрады [2].

Соңғы үш жылдың қорытындысы бойынша ҚР Ұлттық қоры активтерінің кумулятивтік кірістілігі мөлшерінің АҚШ қазынашылығының алты айлық борыштық міндеттемелерінің кумулятивтік кірістілігі мөлшерінен асып кетуі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару нәтижесі бойынша, соңғы үш жылдың қорытындылары бойынша алдын ала деректерге сәйкес шамамен 5,53% мөлшеріндегі оң кірістілікке қол жеткізілді.

Сонымен қатар, есепті кезеңде ҚР Ұлттық Банкі ұзақмерзімді перспективада активтердің кірістілігін ұлғайту үшін Ұлттық қор активтерінің бір бөлігін инвестициялаудың орындылығын зерделеу бойынша жұмысты жалғастырды.

Жалпы 2014 жылына төлем жүйелерінің бір жылдағы жұмыс қабілеттілігінің коэффициенті (кемінде 95%).

2014 жылы Банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ) жұмыс істеу қабілетінің коэффициенті 99,949%, Банкаралық клиринг жүйесі (БКЖ) жұмыс істеу қабілетінің коэффициенті – 99,979% болды, бұл Қазақстанның төлем жүйелерінің жұмыс істеуінің жоғары тиімділігін сипаттайды.

Ұлттық Банк төлем жүйелерінің жұмыс істеу қабілеттілігі коэффициенттерінің мәнін ай сайын есептеді. 2014 жылы БААЖ жұмыс істеу қабілетінің коэффициенті 99,949%-ды, БКЖ жұмыс істеу қабілетінің коэффициенті - 99,997%-ды құрады.

Төлем карточкаларын және қашықтықтан төлеу тәсілдерін (Интернет, мобильдік төлемдер) пайдалана отырып жүргізілетін қолма-қол ақшасыз төлемдер саны 2014 жылы 76 210,5 мың транзакцияны құрады, ол 2012 жылмен салыстырғанда 63,4%-ға (2012 жылы осы төлемдердің саны 46 630,6 мың транзакция) өсті.

Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ FBI) жарияланған ақпаратына

сәйкес 2014-2015 жылдары Қазақстан «Банктердің сенімділігі» көрсеткіші бойынша жыл қорытындысы бойынша 108 орынды иеленді.

Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 37-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы №954 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдама әзірленген.

2014 жылғы банктердің экономикаға кредит беруінің жалпы көлемі 12 106,1 млрд. теңгені құрап, 7,2%-ға өсті.

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 8 565,5 млрд. теңгеге дейін 7,9%-ға өсті, шетел валютасында - 3 540,6 млрд. теңгеге дейін 5,5%-ға өсті. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2013 жылғы желтоқсандағы 70,3%-бен салыстырғанда, 2014 жылғы желтоқсанда 70,8%-ға дейін өсті.

Ұзақмерзімді несиелеу 2014 жылғы 9 608,6 млрд. теңгені құрап 4,9%-ға өсті, қысқамерзімді – 2 497,5 млрд. теңгеге дейін 17,2%-ға өсті. Нәтижесінде ұзақмерзімді несиелердің үлес салмағы 2013 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2014 жылғы желтоқсанда 81,1%-дан 79,4%-ға дейін төмендеді.

Заңды тұлғаларға берілген несиелер 2014 жылы 8 091,3 млрд. теңге болып, 5,6%-ға ұлғайды, жеке тұлғаларға – 4 014,8 млрд. теңгеге дейін 10,7%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген несиелердің үлес салмағы 2013 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2014 жылғы желтоқсанда 32,1%-дан 33,2%-ға дейін өсті.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелеу 2014 жыл ішінде 1 787,8 млрд. теңгеге дейін 39,3%-ға артты, ол экономикаға берілген несиенің жалпы көлемінің 14,8% құрайды (2013 жылғы желтоқсанда – 11,4%).

Салалық бөліністерде банктердің экономикаға берген несиелердің айтарлықтай сомасы саудаға - 20,0% (2013 жылғы желтоқсанда – 19,5%), өнеркәсіпке – 11,3% (11,4%), құрылысқа – 9,4% (12,3%), ауыл шаруашылығына – 4,0% (3,3%) тиесілі.

2014 жылғы желтоқсанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақының мөлшерлемесі 14,4% (2013 жылғы желтоқсанда – 10,0%), жеке тұлғаларға – 18,7% (20,3%) құрады.

Қазақстандағы бес ірі банктің банк секторының активтеріндегі үлесі (55%) құрады.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанның банк секторында 38 банк бар.

Бес ірі банктің («Казкоммерцбанк» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «БТА Банк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Сбербанк» АҚ ЕБ) үлесі 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 52,4%-ды құрады. Бұл көрсеткіш нарық конъюнктурасына байланысты. Бұл көрсеткішке ықпал ету Ұлттық Банктің құзыретіне жатпайды [3].

Банк жүйесіндегі CAELS ≤ 3 рейтингі бар екінші деңгейдегі банктердің үлесі (кемінде 30%)

Сақтандыру ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

жүйелерін жетілдіруде іс-шара ұзақмерзімді сипатта болғандықтан, ол Solvency II стандарттарын енгізу шеңберінде 2015 жылы іске асырылады.

2014 жылы сақтандыру резервтерін қалыптастыру жөніндегі талаптарды оңтайландыру бойынша жұмыс жүргізіледі, атап айтқанда Ұлттық Банк Басқармасының «Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2014 жылғы 6 мамырдағы № 76 қаулысы қабылданды, ол қабылданғаннан кейін:

- сақтандыру резервтерін қалыптастыруды реттейтін екі нормативтік құқықтық актінің (салық салу мақсаттары үшін әзірленген №751 қаулы және реттеуіш мақсаттары, оның ішінде пруденциялық нормативтерді есеп үшін әзірленген №612 қаулы) қайталануы алынып тасталды;

- 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жасалған жинақтап сақтандыру және өмірді сақтандыру шарттары бойынша тарифтік және резервтік базистің теңдігі қамтамасыз етілді, яғни сақтандыру резервтерін есептеудің бірыңғай қағидалары белгіленіп, сақтандыру резервтерімен айла-шарғы жасау алынып тасталды [4].

Қазақстан Республикасының қор нарығында өтімділік көлемдерінің өсуін ынталандыру шаралары Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде, сондай-ақ Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасында көзделген.

Қортындылай отырып осы қарастырылған негізгі экономикалық талдау нәтижелері келесі ұсыныстар жасауға мүмкіншілік береді, атап айтқанда:

- қаржы жүйесінің тұрақтылығын бекіту;
- банк жүйесін әрі қарай ырықтандыру;

Шетелдің тәжірибесі банк секторын ырықтандыру процесінің мынадай бағыттарын қамтиды:

- банктік емес ұйымдарын дамыту;
- резидент еместердің қол жетімділігі бойынша шектеулерді алу;
- мемлекеттік қаржы ұйымдарының санын қысқарту;
- елдер бойынша филиалдарды, өкілдіктерді ашу мүмкіндігін ырықтандыру.

Банктік қызмет көрсету отандық нарығына шетел капиталының қол жетімділігін аша отырып, қаржы нарығының нәтижелерге қол жеткізуді ұсынады:

- бәсекелестік деңгейін арттыру, бизнесті жүргізудің тиімділігін арттыруды ынталандыру;

- шетелдік банктер есебінен отандық рынокта қазіргі технологиялардың трансферті, бұл өз кезегінде қаржы саласын жалпы институтционалдық нығайтуға алып келеді.

- банк секторының сыртқы қарыз алуын шектеу және бақылау жасау;
- Халықаралық қадағалау стандарттарын енгізу;
- тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру;

Қаржы нарығын қашықтықтан және бетпе-бет қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі ішкі рәсімдерін жетілдіру

- зейнетақы активтерін басқаруды жетілдіру;
- корпоративті басқару принциптерін дамыту және бағалы қағаздар нарығын реттеуді жетілдіру [5].

Қазақстан экономикасындағы түбегейлі өзгерістер кәсіпорын басшылығының алдына қаржылық сауықтыру мәселесін қойды. Өйткені оның негізінде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы жатыр. Шаруашылық жүргізудің нысанына қарамастан кәсіпорындардың жоғары қаржылық нәтижеге қол жеткізуге, экономикалық және өндірістік потенциалын дұрыс бағалау қажеттілігіне, қаражаттарын рационалды ұйымдастыру мен оларды тиімді пайдалануға деген қызығушылықтары күннен-күнге артуда.

Қаржылық тұрақтылықты, төлемқабілеттілігі төмен жағдайдан кәсіпорын экономикасын алып шығу, өнеркәсіптік өндірістің деңгейін тұрақтандыру мәселелері Қазақстан экономикасы үшін өзекті мәселелер қатарына жатады.

Көптеген жағдайларда кәсіпорын қызметінің тиімсіздігі есеп айырысу – төлем тәртібінің бұзылуымен, өндірістің айналмалы қаражаттармен толыққанды қамтамасыз етілмеуімен, ақшалай тапшылықтың болуымен байланысты.

Нарықтық экономикада кәсіпорынның тұрақты жағдайының негізі болып оның қаржы тұрақтылығының көрсеткіштері табылады. Ол өндірістің әрі қарай дамуын қамтамасыз ететін қаржылық ресурстардың жағдайын көрсетеді.

1 Искаков Ұ.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Э.А. Қаржы нарығы және делдалдары: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2008. – 296 бет.

2 ҚР ҰБ арнайы сайты www.nationalbank.kz

3 Қазақстан порталы <http://finance.nur.kz/>

4 Қазақстан Республикасының Президентінің арнайы сайты www.akorda.kz

5 Адамбекова, А.А. Қазақстан қаржы нарығы: өзара іс-қимылы және оның сегменттерінің даму келешегі: Монография. / А.А. Адамбекова. - Алматы: Экономика, 2012. – 295 б.

Резюме

Кайнарбай М.М. – магистрант 2 курса по специальности «6М050600-Экономика» КазНПУ им.Абая. kainarbai@gmail.com

Особенности развития финансового рынка и их влияние на деятельность предприятий

В данной статье проведен анализ развития финансового рынка и его влияние на деятельность предприятий. Также проведен анализ кредитования банковского сектора в разрезе отдельных отраслей.

В настоящее время на рынке технологических посреднических услуг, а также механизм внутренней финансовой системы способствует росту экономики с точки зрения качества и количества. Рыночная экономика является основой для стабильного состояния предприятий, обеспечения ее финансовой стабильности и дальнейшего развития производства финансовых ресурсов.

Финансовое состояние предприятия, его устойчивость во многом зависят от оптимальности структуры источников и от оптимальности структуры активов предприятия, а также от уравновешенности активов и пассивов фирмы.

Независимо от формы предприятий для достижения сильных финансовых результатов, необходимость в правильной оценке потенциальных экономических и промышленных интересов в рациональном использовании средств растет с каждым днем.

Были сделаны выводы о взаимосвязи темпов кредитования экономики и степени экономической активности предприятий.

Ключевые слова: технологические посреднические услуги на рынке, Национальный фонд, финансовый сектор, ликвидность рынка, финансового оздоровление

Summary

Kainarbai M.M. - the 2nd year master specialty Economics KazNPU named after Abai,
kainarbai@gmail.com

Features of financial market development and their influence on activity of enterprises

In this article the analysis of financial market development and his influence are conducted on activity of enterprises. The analysis of crediting of bank sector is also conducted in the cut of separate industries.

Currently on the market of technological mediation services, as well as the mechanism of the domestic financial system promotes economic growth in terms of quality and kolichestva. Rynochynaya economy is the basis for a stable state enterprises, to ensure its financial stability and further development of the production of financial resources. A market economy is basis for the stable state of enterprises, providing of her financial stability and further development of production of financial resources.

Financial sostoyaniye company, its stability largely depend on the optimal structure of sources and optimal structure of assets of the enterprise, as well as the balance aktivov and liabilities of the firm.

Regardless of form of enterprises for the achievement of strong financial results, a necessity for the correct estimation of potential economic and industrial interests in the rational use of facilities grows every day.

Were drawn conclusion about intercommunication of rates of crediting of economy and by the degree of economic activity of enterprises.

Keywords: technological intermediary services at the market, National fund, a financial sector, is liquidity of market financial making healthy

УДК 657; 311.216; 336.717,6

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ

С.Сырдыбаева – магистрантка 2 курса КазНПУ имени Абая по специальности
6М050800 «Учет и аудит»

В Республике Казахстан продолжается интенсивное развитие экономики и, как следствие, возникает необходимость пересмотра ранее действовавших нормативных актов и разработка новой законодательной базы. Одной из таких систем, находящихся в процессе реформирования, является бухгалтерская учетная система Республики Казахстан. Целью введения МСФО в отечественную систему бухгалтерского учета как основы информационной базы является сведение к минимуму национальных различий отчетности и обеспечение надежности информации для принятия решений различными пользователями.

В течение последних лет в Казахстане проводится реформа системы бухгалтерского учета. Две главные задачи реформы: создание отчетности, отвечающей требованиям рыночной экономики (полезность при управлении и финансовом и экономическом анализе); создание отчетности, понятной зарубежным инвесторам (и, соответственно, способствующей их привлечению).

Дальнейшее развитие системы бухгалтерского учета и финансовой отчетности необходимо осуществлять в целях повышения качества, прозрачности и сопоставимости информации, формируемой в бухгалтерском учете и финансовой отчетности в соответствии с МСФО.

В статье рассмотрены вопросы дальнейшего реформирования системы бухгалтерского учета и финансовой отчетности. Также рассмотрены основные требования, предъявляемые к современной финансовой отчетности.

Ключевые слова: Республики Казахстан, развитие экономики, нормативные акты, процесс реформирования, бухгалтерская учетная система Республики Казахстан, МСФО, отечественная система бухгалтерского учета, информационная база, реформа системы бухгалтерского учета, создание отчетности, зарубежные инвесторы, финансовая отчетность

В Республике Казахстан продолжается интенсивное развитие экономики и, как следствие, возникает необходимость пересмотра ранее действовавших нормативных актов и разработка новой законодательной базы. Одной из таких систем, находящихся в процессе реформирования, является бухгалтерская учетная система Республики Казахстан. Целью введения МСФО в отечественную систему бухгалтерского учета как основы информационной базы является сведение к минимуму национальных различий отчетности и обеспечение надежности информации для принятия решений различными пользователями.

В течение последних лет в Казахстане проводится реформа системы бухгалтерского учета. Две главные задачи реформы: создание отчетности, отвечающей требованиям рыночной экономики (полезность при управлении и финансовом и экономическом анализе); создание отчетности, понятной зарубежным инвесторам (и, соответственно, способствующей их привлечению).

Задачами реформы являются:

- создать систему стандартов учета и отчетности, которые гарантировали бы предоставление полезной информации пользователям, в первую очередь - инвесторам;

- обеспечить согласованность реформ с основными тенденциями гармонизации стандартов на международном уровне;

- оказать методическую помощь организациям в понимании и внедрении реформированной модели бухгалтерского учета.

Использование МСФО предполагает:

- превращение экономики Казахстана в органическую составляющую мировой хозяйственной системы (макроэкономическая установка на привлечение иностранных инвестиций, выход казахстанских хозяйствующих субъектов на мировые рынки капитала, совместный бизнес);

- возможность использовать мировой опыт формулирования правил, принимаемых большинством государств, для создания в кратчайшие сроки эффективно работающей системы, обеспечивающей потребности рыночной экономики.

В Казахстане существуют риски, которые выходят за рамки обычных параметров коммерческого анализа рентабельности. Налоговые обязательства выражены недостаточно четко, и контроль за их исполнением осуществляется нерегулярно. Другими словами, наблюдается отсутствие качественной отчетности, информационной прозрачности и, в конечном итоге, ответственности.

Компании, использующие МСФО, смогут найти новые источники капитала и привлечь новых партнеров для повышения своей эффективности. Эти предприятия получают доступ к информации о финансовом состоянии потенциальных иностранных партнеров и дополнительный инструментарий, позволяющий усовершенствовать выбор таких партнеров.

Среди причин, по которым для казахстанских компаний важно использовать МСФО, можно отметить следующие:

- любым предприятиям, стремящимся в среднесрочной перспективе привлечь финансовые ресурсы путем продажи акций или получения кредитов, отчетность в соответствии с МСФО предоставит понятную информацию о финансовых

показателях за предыдущие периоды, а также значительные преимущества. Возобновление крупного кредитования возможно при использовании высококачественных стандартов. Предприятия, составляющие отчетность согласно МСФО в течение двух и более лет, окажутся первыми претендентами на получение кредитов;

- всем казахстанским предприятиям необходимо провести анализ своей коммерческой деятельности с целью повышения ее эффективности в условиях экономического спада. При анализе финансовых результатов именно МСФО обеспечивают достоверную базу для признания доходов и затрат, оценки активов. Переход на МСФО существенно расширит возможности руководства компаний в области управления и предоставит значительное преимущество перед конкурентами. Национальное законодательство служит стержнем государственного регулирования бухгалтерского учета. Национальное законодательство - совокупность общеобязательных правовых актов, издаваемых органами государственной власти с соблюдением определенных процедур установленной формы.

Как известно, 28.02.2007 г. был принят новый Закон Республики Казахстан "О бухгалтерском учете и финансовой отчетности" №234-III, который вступил в силу с 24.03.07 г. и обозначил очередной этап в реформировании учетной системы Республики Казахстан. Кроме этого, уполномоченный орган Республики Казахстан по вопросам бухгалтерского учета и аудита - Министерство финансов Республики Казахстан подготовило ряд нормативных актов, регулирующих внедрение этой системы, формальный срок применения которой определен с 1 января 2008 г [3].

Основными документами реформированной национальной системы бухгалтерского учета и финансовой отчетности в Республике Казахстан по состоянию на 1 января 2016 года считаются:

1. Закон Республики Казахстан "О бухгалтерском учете и финансовой отчетности" от 28 февраля 2007 года № 234 с изменениями.
2. Национальные стандарты финансовой отчетности НСФО №1 и НСФО №2, утвержденные и зарегистрированные в установленном порядке.
3. Приказ Министерства Финансов Республики Казахстан "Об утверждении Правил ведения бухгалтерского учета" от 22 июня 2007 года №221.
4. Приказ Министерства Финансов Республики Казахстан "Об утверждении Типового плана счетов бухгалтерского учета" от 23 мая 2007 года №185.
5. Приказ Министерства Финансов Республики Казахстан "Об утверждении форм регистров бухгалтерского учета" от 21 июня 2007 года №215.
6. Приказ Министерства Финансов Республики Казахстан "Об утверждении форм первичных учетных документов" от 21 июня 2007 года №216.
7. Международные стандарты финансовой отчетности и интерпретации к ним:
